



ҮЗДІК МЕКТЕП ҮЛГІСІ

5-БЕТ | БІЛІМ



«САҚАЛДЫ» ЖОЛДЫҢ САПАСЫ ҚАНДАЙ?

6-БЕТ | САРАПТАМА



ЖЫЛ ТОЛДЫ АҚЫН ЖҮРЕК ТОҚТАҒАЛЫ

8-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы БҰҰ-ның түрлі құрылымымен, сондай-ақ басқа да көптеген халықаралық және өңірлік ұйыммен ұтымды байланыс орнатты. ТМД-ның әлемдік аренадағы беделі артып келеді. Былтыр ТМД жанындағы Бақылаушы және Серіктес мәртебесі бекітілді. Бұл шешім Ұйымның кемеліне келгенін және ашықтығын көрсетеді. Осы жүйелі жұмысты жалғастырып, «ТМД+» форматын құру туралы мәселені қарастыруды ұсынамын.

№121
(4709)

Бейсенбі
10 қазан
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



БИЗНЕС-ИДЕЯЛАРҒА ГРАНТ БЕРІЛЕДІ

Астанада 5 миллион теңгеге дейінгі мемлекеттік гранттар беру конкурсына қатысу үшін кәсіпкерлерден өтінімдер қабылдау басталады.

Өтінімдер 14 қазаннан бастап 23 қазан аралығында тек онлайн форматта, kezekte.kz платформа арқылы қабылданады.

Конкурсқа биылдан бастап тек әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімінде тұрған кәсіпкерлер ғана қатыса алады.

Қажетті құжаттардың толық тізбесімен және конкурстың толық шарттарымен қала әкімдігінің және Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының ресми сайттарынан немесе 55-69-21, 55-69-03, 55-01-81, 55-69-10 нөмірі арқылы білеуге болады.

АЙЛЫҚ ТАРИФ ЕНГІЗІЛЕДІ

Елордада 1 қарашадан бастап экспресс-бағдарларда айлық тариф енгізіледі.

Айлық тарифті 16 қазаннан бастап СТС кассалары және kaspi мобильді қосымшаларында сатып алуға болады.

Экспресс-бағдарларға келесі айлық жол жүру тарифтері жарамды:

- «Қала + Экспресс» – 10 000 тт.
- «Қала + Экспресс + Қала маңы» – 13 500 тт.
- «Жол жүру құны 250 теңгені құрайды. Мектеп және жеңілдікті көлік карталары жарамды» деп көрсетті СТС баспасөз қызметі.



ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ОРЫНДАЛАДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елорда аудандары тұрғындарымен кездесулер өткізуді жалғастыруда. Кеше қала басшысы Нұра ауданы тұрғындарымен кездесіп, аудан аумағындағы өзекті мәселелерді айқындап, алдағы уақытта атқарылатын ауқымды жұмыстар жөнінде айтты.

ELORDA INFO

12-13 ҚАЗАН

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Павлодар, Батыс Қазақстан және Жетісу облыстары

Қарқаралы тасжолы, 1

ОНКОЛОГТАР ТЕГІН ҚАБЫЛДАЙДЫ

Астанадағы Ұлттық ғылыми онкология орталығы әйелдерді тегін тексеруден өтуге шақырады, деп хабарлады Elordainfo.kz.

Тексеруден өтуге ниет білдіргендер алдымен call-орталықтың 8-7172-702-911, 8-7172-702-900 телефоны немесе +7 708 425 07 11 WhatsApp нөмірі бойынша онкомаммолог-дәрігерлерге жазылу қажет.

Жұмыс күндері сағат 8:00-ден 17:00-ге дейін жазылуға болады.

Қабылдау күні мен уақыты: 2024 жылғы 12 қазан, сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін. Мекенжайы: Астана қаласы, Керей-Жәнібек хандар көшесі, 3.

«Өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз және алдыңғы тексерулердің нәтижелері болуы қажет» делінген хабарламада.

Құрметті Елорда тұрғындары мен қала қонақтары!

11-12 қазан күндері «Қазанат» атшабарында Ұлттық ат спортынан фестиваль өтеді. Фестиваль аясында қазақтың қанына сіңген бекзат өнері саналатын бөйге мен көкпардан жарыс өтеді.

Кіру тегін! Келіңіздер! Көріңіздер!

Финалдық ойындар 12 қазан күні сағат 09:00-де басталады.

№121 (4709) 10/10/2024 Бейсенбі

Төлен ТІЛЕУБАЙ

БІРҚАТАР ҚҰЖАТ
ҚАБЫЛДАНДЫ

ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің кеңейтілген құрамдағы отырысына Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен қатар Ресей Президенті Владимир Путин, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты.

Мемлекеттер басшылары Ұйым қызметінің басым бағыттарын, сондай-ақ өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту жөніндегі жоспарды талқылады. Отырыста Ресей Президенті Владимир Путин, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, ТМД-ға мүше мемлекеттердің Парламентарлық Ассамблеясының төрағасы, Ресей Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесінің төрағасы Валентина Матвиенко сөз сөйледі.

Жиында ТМД Бас хатшысының орынбасары Ильхом Нематовқа «Достық» ордені, ал ТАСС ақпараттық агенттігінің бас директоры Андрей Кондрашовқа ТМД грамотасы табысталды. ТМД саммитінің қорытындысы бойынша бірқатар құжат қабылданды.

ҰЙЫМДЫ САҚТАУ
МЕН НЫҒАЙТУДЫҢ
ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Қазақстан Президенті өз сөзінде дәстүрлі қонақжайлығы және Ресейдің ТМД-ға төрағалық ету барысында нәтижелі жұмыс атқарғаны үшін Владимир Путинге алғыс айтты. Мемлекет басшысы 1991 жылы Алматы Декларациясының негізінде құрылған ТМД-ның әлеуетін беделді халықаралық ұйым ретінде одан әрі нығайту Қазақстан үшін басты басымдықтың бірі екеніне назар аударды.

«Өткен ғасырдың 90-жылдарында Балқан түбегіндегі секілді күрделі жағдайларға посткеңестік аумақта жол берілген жоқ. Мұнда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының үлесі зор деуге болады. Сондықтан Достастықты сақтау керек деп ойлаймын. Осы мақсатта өзара сенімді нығайтудың ең тиімді іс-шараларын қабылдап, мемлекеттер басшылары деңгейінде бір-бірімізді негізсіз сынап-мінеуден аулақ болып, ұстамдылық пен парасаттылық танытқанымыз жөн» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

БЕЙБІТ КЕЛІСІМ
БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Қазақстан Президентінің айтуынша, геосаяси тұрақсыздық пен аумалы-төкпелі халықаралық ахуал жағдайында өтіп жатқан бүгінгі кездесу Ұйым жұмысына тың серпін беруге тиіс. «Біздің ел Әзербайжан мен Арменияның бейбіт келісім жасауға деген ұмтылыстарын құптайды. Сонымен қатар Орталық Азия аймағындағы мемлекетаралық шекаралардың жекелеген бөліктерін заңдық тұрғыдан ресімдеуді аяқтау ісінде айтарлықтай ілгерілеу бар» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«ТМД +» ФОРМАТЫН
ҚҰРАЙЫҚ!

Мемлекет басшысы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы жаһандық ынтымақтастық пен даму үдерісіне елеулі үлес қосып келе жатқан тиімді өңірлік ұйым ретінде халықаралық деңгей-



ТМД САММИТІ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕН СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА БАСТАМАЛАРЫ

8 қазанда Мәскеуге жұмыс сапарымен барған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына қатысты. ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің шағын және кеңейтілген құрамдағы отырыстары өтті. Қазақстан Президенті ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің шағын құрамдағы отырысында сөз сөйледі. Алқалы жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД-ның қазіргі заманғы халықаралық жүйедегі рөлі мен оның болашағы туралы бірнеше маңызды бастама көтерді. Соның бірі – «ТМД+» форматын құру және Еуразиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын бірлесіп әзірлеу.

тағылымдамадан өту ісін жандандыру үшін «Достастықтың академиялық астанасы» атты жаңа бағдарламаны іске қосуды ұсынды.

БІРЛЕСІП ӘЗІРЛЕУДІҢ
АЙРЫҚША МӘНІ БАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Еуразиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын бірлесіп әзірлеудің де айрықша мәні бар. Президент мұндай тағдырешті мәселенің ТМД елдерінде талқылануы орынды деп санайды.

ТМД ХАЛЫҚТАРЫН
БІРІКІРЕТІН ДАТА

Қазақстан Президенті келесі жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын атап өтуге қатысы ойын жеткізді.

«Бұл – Достастық елдерінің барлық халқын біріктіретін айтулы дата. Еркіндік пен әділдік салтанатының нышанына баланатын мазмұнды мереке. Біз әкелеріміз бен аналарымыздың, соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің азамат тарихындағы өшпес ерлігін әрдайым есте сақтауға тиіспіз» деді Мемлекет басшысы.

ТӘЖІКСТАННЫҢ
ТӨРАҒАЛЫҒЫН
ҚОЛДАДЫ

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылы ТМД-ға Тәжікстан Республикасының төрағалық ету және кезекті саммитті Душанбеде өткізу туралы шешімді қолдайтынын жеткізді.

ТМД мемлекеттер басшылары кеңесінің шағын құрамдағы отырысында Ресей Президенті Владимир Путин, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев сөз сөйледі.



де кеңінен мойындалғанына тоқталды.

«Достастық БҰҰ-ның түрлі құрылымымен, сондай-ақ басқа да көптеген халықаралық және өңірлік ұйыммен ұтымды байланыс орнатты. ТМД-ның әлемдік аренадағы беделі артып келеді. Былтыр ТМД жанындағы Бақылаушы және Серіктес мәртебесі бекітілді. Бұл шешім Ұйымның кемеліне келгенін және ашықтығын көрсетеді. Осы жүйелі жұмысты жалғастырып, «ТМД +» форматын құру туралы мәселені қарастыруды ұсынамын. Мұндай алаң Достастықтың өңірлік байланыстарын кеңейтуге негіз болады» деді Мемлекет басшысы.

САУДАДАҒЫ
ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫ
АРТТЫРАМЫЗ ДЕСЕК...

Президенттің пікірінше, әлем экономикасында тұрақсыздық

белең алып тұрған жағдайда сауда-экономикалық ықпалдастық мәселелері ұдайы назарда болуға тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан үшін ТМД нарықтары қашанда маңызды екенін жеткізді. Еліміздің сыртқы тауар айналымының төрттен бір бөлігінен астамы осы нарықтың еншісінде.

«2023 жылы қабылданған Көрсетілетін қызметтердің еркін саудасы және инвестицияларды жүзеге асыру туралы келісім сауда-экономикалық байланыстарымызды жан-жақты тереңдетуге ықпал ететініне сенімдімін. Сонымен қатар өнеркәсіптік кооперация, кедендік реттеуді оңтайландыру, жаңа логистика тізбектерін қалыптастыру, цифрлық технологияларды енгізу мәселелері бойынша ықпалдастықты күшейту жұмыстарын жалғастырудың маңызы зор. Бүгінде жәрмеңке саудасына

сұраныс жоғары. Осыған орай «Достастық жәрмеңкесі» атты мемлекетаралық бағдарламаны іске қосуды ұсынамын. Оның аясында ТМД елдерінің түрлі қалаларында жыл сайын сауда-саттықтың көрігін қыздыратын іс-шаралар өткізуге болады. Оған бүкіл Еуразия өңіріндегі шеберлер мен шаруаларды да шақырған жөн. Алғашқы көрмені Қазақстанның ең көне қалаларының бірі – Таразда ұйымдастыруға дайынбыз. Бұл шаһар ежелде Ұлы Жібек жолының бойындағы маңызды торап болғандықтан, «керуеншілер қаласы» деп те аталған» деді Президент.

КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ
ТҰЖЫРЫМДАМА ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы сауда-экономикалық кооперацияның тиімділігі көлік дәліздерінің дамуымен тығыз байланысты

екенін атап өтті. Сонымен қатар Қазақстан негізгі халықаралық бағыттардағы теміржол инфрақұрылымын жаппай кеңейтуге кіріскенін айтты.

«Былтыр ТМД-ға мүше мемлекеттердің аумағы арқылы өтетін күре жолдарды өзара ұштастыру тұжырымдамасын әзірлеуді ұсынған едім. Бұл жұмысты мейлінше тезірек аяқтауымыз керек. Жалпы, «Бір белдеу, бір жол», «Солтүстік – Оңтүстік», Транскаспий бағыты сияқты жаһандық жобаларды өзара үйлестіру Еуразия құрлығындағы экономикалық, институционалдық және көлік-логистикалық дамудың қыруға мүмкіндік береді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент цифрландыру саласындағы ынтымақтастықты жандандыруды перспективті міндеттің бірі деп атады.

МӘДЕНИ-РУХАНИ
БАЙЛАНЫСТАР НЫҒАЙДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД халықтарының мәдени және рухани байланыстарын нығайту мәселесіне баса назар аударды.

«Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығымыздың салалары мен бағыттарын үнемі кеңейтіп отырғанымыз жөн. Таяуда Астана қаласында өткен Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына 85 елден 2 мыңнан астам спортшы келді. Бұл әлемде этноспорт қозғалысына, бұрынғы көшпелі халықтардың мәдени мұрасына қызығушылық зор екенін көрсетті» деді Қазақстан Президенті.

Жоғары оқу орындары мен жастар арасындағы қарым-қатынасты дамыту – бірлескен жұмыстың маңызды бағыты. Мемлекет басшысы студент алмасу және ғылыми



БЕЛСЕНДІ АЗАМАТТАРҒА АЛҒЫС

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен мен қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын ұйымдастырушылар мен осы маңызды іс-шараға белсенді атсалысқандарға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан алғыс хаттар, сондай-ақ «Құрмет» грамоталарын тапсырды.

Марапатталғандардың арасында полиция қызметкерлері, Төтенше жағдайлар департаменті, медицина, мәдениет мекемелері мен коммуналдық қызметтердің қыз-

меткерлері, сондай-ақ еріктілер болды.

– Әрқайсыларыңыз Қазақстандағы жылдың басты оқиғасының жоғары деңгейде өтуі үшін қолдан

келгеннің барлығын жасадыңыздар, – деген Ерлан Каналимов елорданың қоғамдық өміріне белсенді қатысып жатқандары үшін алғыс айтты.

СПОРТ АЛАҢЫ АШЫЛДЫ

Астанадағы Барлыбек Сырттанұлы атындағы № 34 мектепте спорт алаңының ашылуы өтті.

Қаланың шеткі бөлігінде орналасқан мектепте қазіргі сәтте 374 оқушы білім алып жатыр. Білім маңызды, алайда қосымша спорт алаңының ашылуы балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға үлес қосып, салауатты өмір салтын ұстануына мүмкіндік береді. Осы орайда Байқоңыр ауданы әкімдігінің демешілігімен 3 ай ішінде жаңа спорт алаңы салынды.

Аталған іс-шараға Астана қаласы Байқоңыр ауданының әкімі Талғат Рахманберді, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» басшысы, Білім басқармасының әдіскерлері, білім беру ұйымдарының басшылары, ата-аналар, мұғалімдер, оқушылар, мектеп тұлғалары қатысты.

– Мектеп оқушыларының білімді



де, білекті де болғаны біз үшін өте маңызды. Спорт – денсаулық кепілі. Сондықтан біз әрқашан да білім мен спортты қатар алып жүруіміз керек, – деді мектеп директоры Мұрат Ахметов.

Ресми ашылудан кейін спорт алаңында мектеп оқушылары эстафеталық ойындар, асық ату, арқан тартыс, кермеге тартылу, футбол және шахмат бойынша өздерінің спорттық дағдыларын көрсетті.

ДІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ СЕМИНАРЫ



Астана қаласының Діндерді зерттеу орталығы Бас мешітте елорда имамдарының біліктілігін арттыру және білім деңгейін көтеру мақсатында семинар өткізді.

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Дін істері басқармасының ұйымдастыруымен өткен іс-шараға Астана қаласының Дін істері жөніндегі басқармасының басшысы Қайролла Көшқали, Астана қаласының бас имамы Ерболат Жүсіпов, «Нұр Мүбәрак» Египет ислам мәдениеті университетінің оқытушысы PhD Азамат Жамашев, психолог, PhD Әлия Төлегенова, тағы басқа да теолог мамандар қатысып сөз сөйлеп, пікір алмасты.

Семинар Қазақстан Республикасының Дін саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асыру жөніндегі ке-

шенді жоспарын орындау шеңберінде өткізілді.

– Бүгінгі оқыту семинарының басты ерекшелігі – дін қызметкерлерінің білімін толықтыру, олардың сауатын арттыру болып саналады. Өйткені мұнда білікті мамандар, дін зерттеушілері мен ғалымдар өзара пікір алмасып, қоғамдық келісім мен тұрақты дамудың басты қағидасы ретінде зайырлылыққа, дін қызметкерлерінің халықпен қарым-қатынасына, оңалту саласындағы өзекті мәселелерге, психологиялық әдіс-тәсілдерге, әлеуметтік желілердегі белсенділігі мен өзін-

өзі ұстау мәдениетіне байланысты сабақ өтуде. Мұның бәрі де имамдарымызды бүгінгі заман талабына сай бейімделуге үндейді. Сонымен қатар жат діни ағымдарға қарсы тұру, дәстүрлі дін сабақтастығын жалғау деген сияқты тақырыптар мұнда ашық түрде талқыға салынады. Имамдар сабақ тыңдау арқылы өздерінің білімін тіпті де жетілдіре түседі деп сенеміз, – дейді Астана қаласы әкімдігінің діндерді зерттеу орталығының бөлім басшысы Нұрсұлтан Жаншин.

Сондай-ақ алқалы жиында басқа да қатысушылар өздерінің ой-пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды. Басқосудың соңында барша қатысушыларға арналып, шай үстелі ұйымдастырылып, сертификаттар табысталды.

ЕРЕКШЕ ЖАНДАРҒА – ЕРЕКШЕ ҚҰРМЕТ

Жыл сайын қазан айының екінші жексенбісінде Халықаралық мүгедектер күні атап өтіледі. Осы күнге орай елордадағы «Қыпшақ» мейрамханасында ізгі ниетті кәсіпкер жандардың ұйымдастыруымен Астана қаласындағы мүгедектігі бар адамдардың басын қосқан іс-шара өтті.

Мерекелік іс-шараны Астана қаласының «Мүгедек жастар қоғамы» ұйымының мүшелері қатысып, мереке басын ән айтып, би билеп, тамаша көңіл күймен бастады.

– Таудан ауыр тағдыр кешсе де, талдан нәзік боп иілмей келе жатқан жандардың бірі – мүмкіндігі шектеулі азаматтар. Қазір олар да қоғамның бір мүшесі екендіктерін жан-жақты дәлелдеп, мүмкіндігі шектеулі болса да өмірдің берген әрбір мүмкіндік сәттерін қалт жібермей қоғамның дамуынан қалмай, қалыпты адамдарша ғұмыр кешіп келеді. Тіпті мұндай жандардың бойындағы ерік-жігер бізді өзіне тәнті етіп қана қоймай, өзінен үйренуге шақырады. Қоғамда олармен санасады, – дейді мүгедек жастар қоғамы басшысының орынбасары Тәуекел Наурызбаев.

Ал іс-шараға қатысып отырған ерекше қажеттілігі бар жандар болса өз қатарластарының әрқашан қоғам тарапынан көмекті қажет

етіп тұратындығын, оларға көңіл бөлу, назар аудару психологиялық тұрғыдан оларға үлкен қолдау болып саналатынын айтады.

– Мен өзім спортпен айналысамын. Әрі сол арқылы өзімнің мүмкіндіктерімді барынша сынап көргім келеді. Мысалы, спорттық жарыстарға, олимпиадаларға қатысып көргім келеді. Сонымен қатар қазіргі заманға сай өзімнің шет тілін меңгеру қабілетіммен қатар компьютерлік білімдерімді де жетілдіріп жүрмін. Бұл маған шабыт береді. Әрі түрлі қиындықтарды жеңуіме көмектеседі деп сенемін, – дейді қоғам мүшесі Данияр Тарғатұлы.

Астана қаласындағы «Мүгедек жастар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің құрамында 100-ге жуық мүше бар. Бұл ұйым жыл сайын ерекше қажеттілігі бар жандар үшін тегін концерттер, спорттық іс-шаралар және курорттық аймақтарға саяхаттар ұйымдастырып тұрады.

ЖАС АСПАЗДАР ФЕСТИВАЛІ

Елорданың Қоғамдық тамақтану және сервис колледжінде қалалық Білім басқармасының қолдауымен «AstauFest-2024» V Халықаралық гастрономиялық фестивалі өтті. Халықаралық аспаздар күні қарсаңында ұйымдастырылған фестиваль жұмысшы мамандықтың біліктілігін арттыруға бағытталды.

**Индира
БЕРЖАНОВА**

Дәстүрлі түрде осымен бесінші жыл қатарынан өтіп жатқан «AstauFest-2024» фестивалінде 9 мемлекеттен келген 100-ге жуық студент өз шеберліктерін ортаға салды. Бүгінде осы фестивальдің арқасында еліміз Өзбекстан, Қырғызстан, Тартастан, Ресей және басқа да мемлекеттермен ынтымақтастық орнатып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында еңбек адамдарына ерекше көңіл бөліп, келесі жылды жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаған болатын. Аспаз – өміршең мамандық, қай уақытта да қажет екені белгілі. Осы мақсатта бұл фестиваль жастардың бұл салада тәжірибе жинап, алдағы уақытта жұмыспен қамтуына септеседі.

Халықаралық ынтымақтастық арқылы біз әлемдік WorldSkills қозғалысының дамуына, оған қатысушы жастардың шеберлік деңгейіне жаңа серпін беруге, аспаз мамандығының маңыздылығын дәріптеуге, мейрамхана бизнесін индустрия ретінде дамытуға қол жеткізе аламыз. Фестиваль – креативті мамандардың өз идеяларын ортаға салатын, отандық білім беру саласы үшін бірегей алаң, – деді Қоғамдық тамақтану және сервис колледжінің оқу ісі жөніндегі ди-

ректордың орынбасары Гүлназ Сапарбекова.

Биылғы фестивальдің ерекшелігі – ұмыт бола бастаған ұлттық тағам түрлерін әзірлеуге басымдық берілуінде. Осы бағытта 20 жылдан аса уақыт тәжірибесі бар маман Айман Досмаилова аталмыш колледжде ұлттық тағамдарды жаңғырту жобасын қолға алған.

«Қазақ асханасындағы әр тағамның өзіндік философиясы бар. Мысалы, біз фестивалде «жілік самса» және «өкпе сүт» секілді тағамдарды дайындап қана қоймай, оның астарын жеткіземіз. «Өкпе сүт» ағайын, туыстың көңілін табу үшін пісірілетін болған. Бұрын аналар бір-біріне өкпелеп жүрген ағайынды татуластыру үшін осы тағамды әзірлеген.

Жалпы, колледж студенттері дәруменге бай ұлттық тағамдарды заманауи нақышта дайындауды ұсынып жатады. Яғни жастар арасында бұған бейжай қарамай, арнайылап іздеп келетіндер баршылық дей аламын» деді маман.

Фестивальде іскерлік және ойын-сауық іс-шаралары, мектеп оқушылары арасында арқан тартыс, ақ сүйек және асық ату сынды ұлттық ойындармен қатар, кәсіби мамандардың «Кондитерлік іс», «Наубайхана шеберлігі» атты сабақтары өткізіліп, 11 бағыт бойынша өткен байқауда үздіктер анықталды.



№121 (4709) 10/10/2024 Бейсенбі



Райхан РАХМЕТОВА

НҰРАНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кездесуде алдымен Нұра ауданының әкімі Ришат Тұрдыбеков аудан көлемінде жасалып жатқан жұмыстар туралы есеп берді. Ауданды абаттандыру мәселесі қашан да өзекті. Сондықтан ол жыл басынан бері 22 аула толықтай абаттандырылып, 41 аулада жөндеу жұмыстары жүргізілгенін жеткізді. Бұл жұмыстар тек ойын алаңдарын жаңартумен шектелмей, тротуар желілері, демалыс аймақтары, көлік тұрағы, ағаштар отырғызу және шағын қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру жұмыстарымен де толығып отырған.

– Жағалау ықшам ауданында 18 га аумақта 7 аула және 7 спорттық алаң абаттандырылып, 30 мың м² асфальт жабыны, 12 мың м² жаяу жүргіншілер жолы жаңартылды, 100-ден аса орындықтар мен қоқыс жәшіктері орнатылды. Биыл ауданда 4 гүлзар абаттандырылды. Жаңа қоғамдық кеңістіктерде 14 мың м²-тен аса тротуар желісі абаттандырылды, 3 мың м² гранит плита жаңартылды, 900-ден астам ағаш, 13 мың көпжылдық өсімдіктер отырғызылды, – деді аудан әкімі.

Қоршаған ортаны қорғау басқармасы іске асыратын экопарк салу жобасы Кіші Талдықөл тобына кіретін шағын көлдерді сақтау үшін түзетуден өтуде. Түзету келесі жылдың бірінші тоқсанында аяқталады. Ағаш отырғызу, жаяу жүргіншілер аймақтарын жайластыру және су бетін сақтау жоспарлануда. Әйтеке би көшесін аяқтау да жоспарланған. Келесі жылы асфальт пен тротуарлар жаңартылып, тұрғындардың қатысуымен көгалдандыру көзделуде.

– Биыл ауданда 6 300-ден астам ағаш, 130 мыңнан астам көпжылдық гүлдер мен бұталар, 12 500 м² аймақта біржылдық гүлдер отырғызылды. Бұл іс-шаралар арқылы ауданның жасыл желек қорын айтарлықтай ұлғайтамыз. Жасыл

Астана қаласының бесінші ауданы болып 2022 жылы құрылған Нұра ауданында өзекті мәселелер баршылық. Кеше аудан халқымен кездескен қала әкімі Жеңіс Қасымбек олардың мұң-мұқтажына құлақ түріп, сұрақтарына жауап берді.



желектерді күтіп ұстау және уақытылы суару үшін жергілікті суару жүйесін салдық. Биыл автоматтық жүйе 5 нүктеде қондырылған. Олардың ортақ ұзындығы 7 км асады, ал суару аумағы 45 мың м² қамтиды, – деді аудан басшысы.

Ауданды жарықтандыру бойынша инфрақұрылымды жақсарту шеңберінде жаңа скверлерде, жаңартылған қоғамдық кеңістіктерде, жаңа тротуарлар бойында және жағалауда 388 жарықтандыру тіректі орнатты, 519 шам ауыстырылды. Әлеуметтік маңызы бар нысандардың құрылысы қарқынды жүргізілуде. Биыл 2 жаңа жайлы мектеп қолданысқа берілді.

Осы қарқынмен 2025 жылдың соңына дейін ауданда тағы 10 мектеп ашылып, 15 800 балаға орын қамтамасыз етіледі. Қазіргі уақытта 2 мемлекеттік балабақшаның құрылысы жүргізіліп жатыр, оның бірі биылғы жылдың соңында ашылса, екіншісі келесі жылы ашылады. Жол инфрақұрылымы бойынша биыл аудандағы 13 жаңа көше салынып, 10 көшенің құрылысы жүргізілуде. 9 көшеде орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Биыл ұзындығы 8,1 км 13 жаңа көшенің құрылысы аяқталып, барлық инженерлік желілері бар 10 көше салынуда. «Сат Сити» тұрғын үй кешені аумағында 14 мың м²

тротуар салынды. 2 км-ден астам тозған төсеніштер ауыстырылды. 9 км жаяу жүргіншілерге арналған тротуарлар жаңартылды. Оның 6 км-і Қабанбай батыр даңғылында орналасқан, онда бұрын тротуар желілері болмаған. Тұрғындарға ыңғайлы болу үшін 8 жылы аялдама және 6 ашық аялдама орнатылды. Жыл соңына дейін тағы 2 жылы және 14 ашық аялдама орнатылады. Олардың бір бөлігі демеушілер есебінен қойылады.

– Үркер тұрғын үй алабының дамуы – біздің ерекше бақылауымызда. Биыл мұнда 4 спорт алаңы жөнделді, 120 шам ауыстырылды, демеу-

шілердің арқасында 19 аялдама орнатылды, сондай-ақ 100-ден астам контейнерлік алаң жабдықталды. Ағымдағы жұмыстардан бөлек инфрақұрылым салу және дамыту жұмыстары жүргізілуде. Биыл коммуналдық шаруашылық басқармасы тұрғын үй массивінде 3,2 км көшені салуды аяқтап, 17 мың м² тротуарды абаттандырды және 2 бағдаршам орнатты. Массив электрмен және сумен қамту жабдықтарымен 100 пайыз қамтамасыз етілген, – деді Р.Тұрдыбеков.

Кездесу барысында Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек аудан тұрғындарын мазалаған ең өзекті сұрақтарына жауап берді. Соның бірі ауданда емхана салуға қатысты болды. Тұрғындар емделу үшін Р.Қошқарбаев көшесі бойындағы емханаға немесе Көкталдағы медициналық ұйымға баруға мәжбүр. Сондықтан олар ауданда барлық құрал-жабдықтары бар, жаңа емхана салынса екен деген тілегін айтты. Елорда әкімі бұл мәселенің оң шешімін табатынын жеткізді.

– 20 тамызда Мемлекет басшысы қаладағы медициналық нысандарды аралаған болатын. Президент сол сапарында Республикалық онкологиялық аурухананы, Республикалық Жедел медициналық көмек көрсету орталығын ашты. Сондай-ақ біз «Самұрық-Қазына» АҚ көмегімен №3 қалалық көпсалалы емхананы жаңадан салуға рұқсат алып, құрылысын бастадық. Бұған қоса Көкталда жаңа перинаталды орталық құрылысы жүргізіліп жатыр. Көктемде тағы біреуін саламыз. Қалада медициналық нысандар құрылысы қарқынды жүруде. Елорда болғасын аурухана керуелерінің 25 пайызы Қосшы, Талапкер, басқа да аудандардан, тіпті еліміздің

түкпір-түкпірінен келетін науқастарға ұсынылып отыр. Өйткені елордада еліміздің озық медициналық ұйымдары жұмыс істейді. Сондықтан бұл жұмыстар жалғаса бермек. Келесі жылдан бастап бірнеше мемлекеттік емхана салынатын болады, – деді Жеңіс Қасымбек.

Қала әкімі аудан тұрғындарының көріз, су, жылу жүйесі, абаттандыру, жол, мектеп салу, қоқыстан тазалау, көгалдандыру, «Сергек» қондырғысын қою, Талдықөлдің жағдайы, жеке мектептердегі оқушыларды тамақтандыру және басқа да мәселелері бойынша сауалдарына осы салаларға жауапты басқарма басшыларын қатыстыра отырып жауап берді.

– Аудан бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Әсіресе, Тұран көшесі бойында көшелер мен жолдарды жөндеу жұмыстары жоспарлы түрде орындалды. Биыл Сығанақ көшесі толығымен жөнделді. Нысандар айналасы, спорттық нысандар маңайы абаттандырылды. Бұл ауданда сонымен қатар өте көп мектептер салынуда. Қалада жалпы 24 «жайлы мектеп» салынып жатыр. Солардың ішінде 7 мектеп осы ауданда бой көтеруде. Осы оқу орындарының арасынан 9 мектеп 1 қыркүйекте пайдалануға берілді. Балалар саны көп, бұл ауданда беріліп жатқан тұрғын үйлер де аз емес. Сол себепті білім ошақтарының үштен бірі осы жерде. Жылдың соңына дейін тағы 4 жайлы мектеп осы ауданда ашылады. Қалған үшеуі келесі жылы пайдалануға беріледі. Бұл жұмыстар жалғасын таба береді, – деді қала әкімі.

Әкім тұрғындардың жеке-кеге мәселелері бойынша жеке қабылдауға дайын екенін жеткізді. Бірқатар мәселелердің шешімін қаланың басқарма басшыларына тапсырды.



ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ ҚҰРУ – БАСТЫ ТАЛАП

Астана қаласының Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицейінде қалалық білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы кеңес өтті.

**Индира
БЕРЖАНОВА**

Жиын Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкәненнің төрағалығымен өтті. Жасөспірімдер арасындағы жазатайым оқиғалар мен келеңсіз жайттарды алдын алу және болдырмау, педагогтардың, қызметкерлердің жауапкершілігін арттыруға бағытталған семинар-кеңеске мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшылары, қаладағы жекеменшік балабақшалардың меңгерушілері қатысты. Астана қаласы Прокуратурасының көмекшісі Әйгерім Өмірзақова, қалалық Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Қанат Нысанбаев, Астана қаласы Білім басқармасы басшысы Қасымхан Сенғазыев, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Асима Бимендина бала қауіпсіздігіне қатысты баяндамалар жасады, білім беру ұйымдары өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

– Елордада көмекшілік төлмегендер арасында құқық бұзушылықтар саны артқан. 2024 жылдың басынан бері көмекшілік төлмегендер 186 құқық бұзушылық жасады, ал



көмекшілік төлмегендерге қатысты 200 қылмыс анықталды. 97 өз-өзіне қол жұмсау фактісі және 20 буллинг жағдайы тіркелді. Мен әсіресе Құрылыс-техникалық колледжде орын алған оқиғаға назар аударғым келеді, онда 2-курс студентін курстастары соққыға жыққан. Сот-меди-

циналық сараптама қорытындысына сәйкес, оның денсаулығына орташа ауырлықтағы зақым келтіріліп, жақ сүйегі сынған. Оқиға оқу процесі кезінде орын алып, ал колледж қызметкерлері жағдайды байқамаған. Осы оқиғаға байланысты қылмыстық іс қозғалды (ҚР Қылмыстық кодексінің 107-бабының 2-бөлігінің 8-тармағы бойынша). Өкінішке қарай, колледж директоры студенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылдаған жоқ.

Тағы бір жағдайды атап өткім келеді, «Арыз» мейрамханасының жанында пневматикалық тапаншаны қолданумен болған топтық төбелеске Құрылыс-техникалық колледж бен Басқару колледжінің студенттері қатысқан.

22 қыркүйекте №7 мек-

тептің 15 оқушысы көмекшілік төлмегендер ұлтаралық негізде соққыға жыққан. 5 қазанда Кәсіптік-техникалық колледждің студенті есірткі заттарын қолданғаны үшін ұсталды. Бұл тек бірнеше мысал ғана. Әр бала – біздің ұланымыз, біздің болашағымыз, сондықтан, бұл қоғам болып, бала тәрбиесіндегі олқылықтарға, адам түршігерлік цифрларға бейжай қармай, оны болдырмауға жанымызды сала күресуіміз қажет, – деді Е.Байкәнен.

Семинар-кеңесте мектептердегі тамақтандыруды ұйымдастыру, әсіресе бракераж комиссияларының жұмысына мән беру және қалалық Психологиялық қолдау орталығы буллингті анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу мәселесі талқыланды.



ҮЗДІК МЕКТЕП ҮЛГІСІ

Астанада мұғалімдер күніне арналған «Ұстаз – ұлағатты ұғым» атты мерекелік концертте үздік педагогтар марапатталды. Айтулы жиында елорданың Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы «Үздік мектеп» байқауының жеңімпазы атанды.

Роза Бағланова атындағы Қазақстан Орталық концерт залында өткен мерекелік концертте елорда мектептерінің мұғалімдері, ведомство өкілдері және құрметті қонақтар қатысты. Алғашқы болып сөз алған Оқу-ағарту министрі Ғани Бектайұлы мұғалімдерді кәсіби мерекесімен құттықтай отырып, білім саласындағы жаңалықтар мен іргелі жетістіктерді атап өтті. Әлемнің бірінші ұстазы Аристотель мен әл-Фарабиге дейінгі, Ыбырай мен Алаш ағартушыларының асыл ойларын мысалға келтіре отырып айтылған сөздері көптің көңілінен шықты.

Концерттің алғашқы бөлімі марапаттау рәсіміне арналды. Онда орта білім беру мекемелерінің арасында ұйымдастырылған «Үздік мектеп» байқауында Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы жеңіске жетті. 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие үдерісінің қорытындысы бойынша Астана қаласы әкімінің грантын қала басшысы Жеңіс Қасымбек танытады. Жүлдені қабылдап алған мектеп директоры Айгүл Ондағанқызы бес жылдық мектеп тарихындағы ортақ жеңіс, ортақ жетістік деп бағалады.

ЕЛОРДА ҰСТАЗДАРЫ – ЕЛ ҰСТАЗДАРЫНА ӨНЕГЕ

Ұстаздың еңбегі әрқашан да бағалы. Мұғалімдер балаларға білім беріп қана қоймай, олардың қабілетін анықтап, өмірден өз жолын табуына жәрдем береді. Бұл тұрғыдан келгенде, Астана қаласының ұстаздары – ел ұстаздарына үлгі, өнеге.

Елорданың білім беру ұйымдарында республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздарын дайындаған педагогтар жемісті еңбек етуде. Республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздарын дайындаған білікті 132 педагогмыз бары – біз үшін мақтаныш! Олар – 113 халықаралық және 19 республикалық олимпиадаларда топ жарып, елорда біліміне айрықша жұлде әкелген озат оқушылар!

Бүгінгі таңда елорданың білім беру ұйымдарында 26 944 педагог жұмыс істейді. Жаңа 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдарына 2 262 педагог қабылданды, оның ішінде 993-і жайлы мектептерде жас ұрпаққа білім беруде. Мұғалімдер күні кәсіби мерекесі қарсаңында ведомстволық наградалармен 2 825 педагог марапатталса, оның ішінде «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы – 1 педагогқа берілсе, «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері» және «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен 160 адам марапатталды. ҚР Білім Министрлігінің Құрмет грамотасымен – 159 адам, «Астана қаласының құрметті педагогы» төсбелгісімен – 5 адам, Білім басқармасы басшысының Алғыс хатымен 2500 адам марапатталып, еңбек ардагерлері де назардан тыс қалмады. ҚР Білім Министрлігінің Алғыс хаттарымен – 38, Білім басқармасының грамотасымен 6 ардагер марапатталды.

Білім беру ұйымдарының педагогтары мен басшылары тәжірибе алмасу және кәсіби құзыреттілікті арттыру жөніндегі халықаралық семинарларға, конференцияларға қатысу үшін шетелдік іссапарларға барды. Соңғы үш жылда 300-ден астам педагог іссапарға шықты. Іс-шараға қатысушылар АҚШ, Сингапур, Чехия, Корея, Өзбекстан, Грузия, Жапония, Түркияға барды. Іссапар қорытындысы бойынша «Шетелдік тағылымдама: кәсіптік әдіснаманы үйреніңіз, меңгеріңіз және дамытыңыз» тақырыбы бойынша оқыту семинарлары ұйымдастырылды.

Астана қаласының әкімдігі ұстаздар қауымына барынша

жағдай жасап отыр, педагогтарға қолдау көрсетуге ерекше назар аударады. Соңғы жылдары педагогтардың жалақысы едәуір артты, біліктілікті арттыру бойынша түрлі бағдарламалар енгізілді, тұрғын үй сертификаттары, жоғары оқу орындарына білім гранттары бөлініп жатыр және тағы басқа қолдау іс-шараларын атап айтуға болады.

ОҚУ ЖЫЛЫ ЖАҚСЫ ҚАРҚЫНМЕН БАСТАЛДЫ

Биылғы жаңа оқу жылының басынан бастап елордада 282 150 оқушы оқитын 187 мектеп жұмыс істейді. Оның ішінде

110 мемлекеттік мектепте 233 006 бала оқиса, 70 жекеменшік мектепте 42 674 бала оқиды және 7 республикалық мектепте 6 470 бала білім алады.

– Оқу жылының соңында қалада 8 үш ауысымдық және бала саны шамадан тыс 16 мектеп болды. Мектептердегі орын тапшылығы 27 800 мың оқушы орын құрады. Осы мәселені шешу үшін ағымдағы жылы бір ауысымда 49 790 мың орынға арналған 32 нысанның құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде бір ауысымда 30 290 мың орынға есептелген 21 мектепті жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарда бар, – дейді Астана қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев.

Қыркүйек айында бір ауысымда 15 850 мың орынға арналған 12 мектеп пайдалануға берілді (3 – БИП, 8 – Жайлы мектеп, 1 – жекеменшік мектеп). Желтоқсан айында бір

ауысымда 14 440 орындыққа арналған қосымша 9 мектеп (7 – Жайлы мектептер, 2 – жекеменшік мектептер) пайдалануға беріледі. Осылайша, биылғы жылдың соңына дейін үш ауысымда оқитын 6 мектептің, бала саны шамадан тыс 9 мектептің мәселелері шешілді.

Үш ауысымда оқитын 2 мектептің және бала саны шамадан тыс 7 мектептің орын тапшылығы мәселесі 2025 жылы шешіледі.

2024 жылы барлығы 33 білім беру нысанында жөндеу жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде 2 мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе, 31 мектепке ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Биыл 5 бағыт бойынша (физика, биология, химия, STEM және робототехника) 56 пәндік кабинет сатып алынады. Бүгінгі күні 18 кабинет жеткізілді, 25 кабинет 1 қыркүйекке дейін, қалған 13 кабинет жыл соңына дейін салынады.

АСТАНАЛЫҚ ӨРЕНДЕР «ЖАЙЛЫ МЕКТЕПТЕ» ОҚИДЫ

Білім беру саласындағы «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасы бойынша жүзеге асырылуда. Ал «Samruk-Kazyna Construction» акционерлік қоғамы – мектептердің құрылысына жауапты бірыңғай дирекция.

– 1 қыркүйекте қалада барлығы 15 жаңа мектеп ашылды. Олардың тоғызы – Мемлекет басшысының «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында, тағы 2 мемлекеттік және 4 жекеменшік мектеп. Аталған оқу орындары екі ауысымда 28 мың оқушы орын құруға мүмкіндік берді, – деді Астана әкімі Жеңіс Қасымбек жаңа оқу жылының басында №106 жайлы мектептің ашылу салтанатына қатысқан салтанатты жиында.

– Мектебіміздегі аралас кластарда 3122 оқушы білім алады, оларға тәжірибелі, білікті 170 мұғалім сабақ береді, 70 техникалық қызметкер жаңадан пайдалануға берілген мектептің ішкі-сыртқы тазалығына жауапты, – дейді №106 орта жайлы мектеп директоры Гүлсан Жаманқараева.

Жайлы мектептер салудың негізгі мақсаты – оқушыларға арналған жаңа орындар ашу, үш ауысымды оқытуды және оқушы орындарының тапшылығын жою. 8 Жайлы мектепке мұғалімдерге қажеттілік 92 адамды, техникалық қызметкерлерге 387 адамды құрайды. Жайлы мектептер директорларының міндетін атқарушылар тағайындалды, оның ішінде 5-і – директорлар қатарынан, 4-еуі – республикалық кадр резервінен.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ



Елордамызда сәулеті жарасқан зәулім ғимараттар аз емес. Көлігі көп шаһарда көк тіреген көпірлер де жетерлік. Бас қала көшелеріндегі жолдарды байланыстырып қана қоймай, Есілдің қос жағалауын жалғап тұрған көпірлер астана-мыздың ажарын айшықтап, көркіне көрік қосуда.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

ЖАҢА КӨПІР САЛЫНАДЫ

Алдағы жылы елордада тағы бір жаңа көпірдің құрылысы басталады. Бұл көпір Кенесары даңғылы мен Қорғалжын тасжолын жаңа жолмен жалғайды. Осылайша, Есілдің оң жағалауынан сол жағалауға тікелей өтетін жол пайда болады. Бұл нысан елордадағы жол қозғалысын жеңілдетіп қана қоймай, қаланың бірнеше «артериясындағы» кептелістерді азайту арқылы тұрғындардың жүріп-тұруына қолайлы жағдай туғызады. Екі жыл салынатын бұл көпір ескі орталықтағы газ аппаратурасы ауданын Мақсұт Нәрікбаев университетімен тікелей байланыстырады. Егер картаға қарасак, бұл жерде ескі алаң болғанын көреміз. Одан әрі жол арал арқылы доғаланып кетеді. Бұл жерде МНУ арқылы өтетін көпір болуы керек. Одан әрі жол «Хан Шатырдың» артымен Қорғалжын тасжолына қарай кетеді. Бұл көпірдің салынуы туралы жоспар өткен жылы жасалған. Қала билігі 2025 жылдың тамыз айының соңына дейін жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленетінін хабарлады.

ЕҢ ҰЗЫН ЖӘНЕ ҚЫСҚА КӨПІР ҚАЙСЫ?

Ерке Есілді кесіп жатқан елордадағы алғашқы көпір – «Самал» шағын ауданында салынған Қараөткел көпірі. Қазір алты жолаққа айналған көпірдің ұзындығы – 180, ені – 50, биіктігі – 60 метр. Енді Астанадағы көпірлердің өзіндік ерекшелігіне тоқталайық. Мысалы, Астанадағы ең ұзын көпір – Есіл өзені арқылы өтетін Сығанақ көшесіндегі Арыс көпірі. Бұл нысанның ұзын-



АСТАНА КӨПІРЛЕРІМЕН ДЕ КӨРІКТІ

дығы 982,5 метрді құрайды. Ал ең қысқа көпір – Сарыарқа даңғылындағы Тұлпар көпірі, оның ұзындығы – 214 метр. Сонымен қатар Арқар көпірі де ерекше. Көпір 8 автожолдан және екі жақтан жаяу жүргіншілер жолынан тұрады. Оның жалпы ұзындығы – 892,1 метр.

ҮШ ЖЫЛДА НЕШЕ КӨПІР САЛЫНДЫ?

Соңғы жылдары қаланың көркіне көрік қосатын көпірлер салынып жатыр. Мысалы, кейінгі үш жылда қалада екі жаңа автожол көпірі салынды. Соның бірі – Ұлы дала даңғылындағы көпір. Бұл тамаша нысан 2022 жылдың тамыз айында іске қосылды. Көпір Мәңгілік ел даңғылы, Ахмет Байтұрсынов, Рақымжан Қошқарбаев, Жүмекен Нәжімеденов көшелеріндегі, Nova City көппәтерлі тұрғын үй алабындағы, Мыңжылдық аллеясындағы жол қозғалысын жеңілдетуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ «Нұрлы жол» жаңа теміржол вокзалының, Тельман, Өндіріс тұрғын алабының, «Метро» гипермаркеті ауданының, Мағжан Жұмабаев даңғылы және Темірбек Жүргенов көшесінің қолжетімділігін арттыра түсті. 2023 жылдың қазан айының соңында Тәуелсіздік даңғылындағы көпір ашылды. Бұл көпір арқылы бір тәулікте екі бағытта орташа есеппен 61 мың көлік өтеді. Көпір Түркістан, Ақмешіт

және Мәңгілік ел көшелеріндегі қозғалысты жеңілдетті. Анығырақ айтсақ, бұл көпір Ұлы дала даңғылының «тынысын» кеңейтті. Көлік қозғалысы реттеліп, тұрғындар межелі жерге неғұрлым ұтымды жолмен жете бастады. Тәуелсіздік даңғылы, жаңа теміржол вокзалы ауданы, Р.Қошқарбаев даңғылы, Ж.Нәжімеденов көшесі, Әзірет Сұлтан мешіті ауданы, Ахмет Байтұрсынов, Қордай, Айнакөл көшелері және Б.Момышұлы даңғылының Есілдің сол жағалаумен қосымша байланысы қамтамасыз етілді.

«ӨРКЕШТІ КӨПІР» АШЫЛДЫ

Алаш тасжолындағы тұрғындар «өркешті көпір» деп атап кеткен көпірдің сол жағында деформациялық тігісте асфальт-бетон жабынының ішінара деформациясы пайда болғаны мәлім. Осыған байланысты көпір апатты деп танылып, көктем мен жазда сол жағынан көлік қозғалысы жабылды. Алайда құрылысшылар бұл нысанның ақауын ретке келтіріп, көпірдегі қозғалыс күзде толығымен ашылды.

Астананың көше-жол желісінің жалпы ұзындығы 868,3 шақырымды құрайды. Ол 1129 көшеден тұрады, оның ішінде асфальтбетон жабыны бар 803,7 шақырым (90,7 пайыз) және қатты жабыны жоқ 64,6 шақырым (9,3 пайыз) жол бар.



№121 (4709) 10/10/2024 Бейсенбі

Уақыт қандай жылдам! Көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлының дүниеден озғанына да жыл толыпты. Ақынның өзі айтқандай, «Шапқан аттай, атқан оқтай» зуылдаған күндерге тоқтам жоқ. Өмірден өткен адам туралы айту өте қиын. Өйткені онымен бірге өткен қимас күндер, қызықты сәттер көз алдыңызға келіп, көңілді мұң торлайды.

Дегенмен Несіпбек аға туралы айтқанда, ол кісімен алғаш танысқан күндер ойыма түседі. 2009 жыл. Бұрынғы Президент мәдениет орталығынан жарық көрген «Мәдени мұра» журналында істеймін. Редакциямен Несіпбек ағаның кабинеті қатарлас болды да, ол кісіні жиі көремін. Күн сайын десе де болады. Кейде кабинетіне шақырып, әңгімеге тартады. Жаңа өлеңдерін оқиды. Әдебиет туралы ойларын айтады. Кейін ол кісі мені өзі басшылық еткен Сәкен Сейфуллин музейіне қызметке шақырды. Осы жылдары ақынмен таныстығым ағалы-інілі жақын сыйластыққа ұласты.

Әсіресе Несіпбек ағамен бірге қазіргі Абай облысына барған сапарым есімнен кетпейді. Осы сапарда бұрын көрмеген ел-жерді көріп, өзгеше күйге бөлендім. Ұлылар туған өңірдің ауасымен тыныстап, тіршілігімен таныстым. Ақынды айрықша қадірлейтін жерлерінің кісілігіне сүйсіндім.

Біз Астанадан жеке көлікпен шықтық. Қасымызда ағаның жары Манат апай мен екі немересі болды. Алдымен Арқадағы табиғаты әсем өлкенің бірі – Қарқаралыға ат басын тіредік. Себебі жаугершілік заманда осы өңірде қаза болған, Абылай дәуірінде қол бастаған қаһармандардың бірі шанышқылы Бердіқожа батырға ұрпақтары ас берді. Соған қатыстық. Несіпбек аға Бердіқожа батырдың ерлігі туралы көлемді поэма жазған. Ақын асқа жиналған қауым алдында осы шығармасын жатқа оқыды. Оған оңтүстік өңірден келген батыр ұрпақтары дән риза болып, шапан кигізді. Сол астан кейін ақынның базарлы балалық шағы өткен Шұбартау өңіріне бет алдық. Бұрын аудан орталығы болған Баршатау ауылы – қаншама айтулы тұлға туған қасиетті мекенің бірі. Тарихы да тым терең. Несіпбек аға жол бойы Шұбартаудың әрбір шоқысы мен қыратының тарихына тоқталып, бұл жерде өмір сүрген батырлар, билер, ақындар туралы сыр саулатты. Балалық шағы өткен ауылы туралы қызықты әңгімелер айтты. Айтпақшы, ақын білім алған Баршатау орта мектебінде Мұхтар Мағауин, Рымғали Нұрғали, Төлек Тілеуханов секілді көрнекті қаламгерлер оқыған.

Біздің осы сапарымыздың

түпкі мақсаты – Үржар ауданында тұратын дауылпаз ақын, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллинді көрген қариямен кездесу. Сәкен ағамыз 1934 жылы үгіт-насихат жұмысымен Үржар ауданына келіп, осында сегіз ай тұрыпты. Оның осы өңірге келуіне сол кездегі Қазақ АССР-інде адвокат болып істеген Сапарғали Аманбеков пен Лепсі уезіне қарасты Жер бөлімінің инспекторы Рамазан Мұхамеджанов есімді ел азаматтары ықпал жасаған. Ақын Үржарға келгеннен кейін халықтың тұрмыс-тіршілігімен танысып, Лепсі уезіне қарасты Алтай, Мақаншы секілді ауылдарды аралаған.

Несіпбек ағамен Үржарға келгеннен кейін Сәкенді көзімен көрген Бестерек ауылында тұратын Әйткен Әбілқасым деген ақсақалға барып жолықтық. Орта бойлы, мығым денелі кісі екен. Сол кезде қарияның жасы сексеннің бел ортасында болса да, денсаулығы тың, жүрісі ширақ. Жады мықты, кейде Сәкен өлеңдерін төгіп-төгіп жібереді. «Сәкен Сейфуллин Үржарға келгенде мен жастан асқан сәбимін» деп бастады сөзін қария. – Су тасып жатқан кез болса керек. Ол кісі Бай ата ауылының тұрғындарын жинап, жиын өткізеді. Жиналғандарға кеңес өкіметінің халық тұрмысын көтеруге бағытталған іс-шаралары туралы айтады.

«Біз келешекте іргелі елге айналамыз. Алдағы күніміз жарық болады. Ұрпағымыз бейбіт заманда өмір сүреді» деп жиналған қауымды бірлікке, татулыққа шақырып сөйлепті. Осы сәтте алдыңғы орында отырған шешем бесікте жатқан мені көтеріп, ақынға «батаңызды беріңіз» деп алып барады. Сәкен мені құшағына алып: «Еліміздің болашағы осы балалардың қолында» деп маған батасын беріпті. Анам марқұм «Сәкен ағамыз келбетті кісі екен. Өңіне тіктеп қарай алмадым» деп айтып отыратын. Одан кейін жиылған жұртқа әйгілі әнші Әміре Қашаубаев концерт қойыпты» деп әңгімесін бір қайырып еді Әйткен қария.

Бір өкініштісі, 1938 жылы Сәкен Сейфуллин ұсталғаннан кейін Үржарда онымен жақын сыйласқан, араласқан 40-қа жуық адам түрмеге қамалған. Солардың ішінде ату жазасына кесілген азаматтар да болған. Соның бірі – ақын



ЖЫЛ ТОЛДЫ АҚЫН ЖҮРЕК ТОҚТАҒАЛЫ

Үржарға келгенде сый-құрмет көрсеткен Рамазан Мұхамеджанов.

Осы сапар барысында Ала-көлге барып 4-5 күн демалдық. Көлге шомылып, күнге қыздырындық. Ол кісі ерте тұрып, көл жағалап жүргенді сондай жақын көреді. Әсіресе

таңғы таза ауаны ерекше ұнатады. Сонда Несіпбек аға екеуіміз армансыз әңгімелестік. Көбінесе әдебиетке келгенде қолдаған ағалары туралы, қаламдас қатарластары жайында көп сыр шертті. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін «Балдырған» журналына қызметке

ҚОБЫЗ БОЗДАП ҚАЛҒАН КҮН...

Қараөткелде,

қазанда,

қобыз боздап қалған күн,

Қырдап асып барады жарық күні жалғанның.

...Астананың аспанын алты қазың айналып –

Аққу құстың көз жасы, Есіл, саған тамған күн...

Ақындардың, ағатай,

керуені қаралы,

Қараөткелдің кешеден ашылмай тұр қабағы.

Сананы илеп сауалдар...

сарнағанда самалы –

Көкала үйрек кеуденен – хош, – деп ұшып барады.

Жақын болдың жұртыңа,

Ақын болдың – айыбың,

қай тереңге салмадың,

қара өлеңнің қайығын.

...түмен ойдың түйінін түйіп берген, абызым,

Қос қанатын қазаққа қып берген, шайырым!

Желбіреген байрағы,

Мөлдіреген жыр – тұма,

Ұлы сапар тіледің,

ұл боп туып ұлттыңа.

...Тарбағатай тауының тарам-тарам жолдары –

Сені бастап әкелген Абай атаң жұртына...

Кездескенде қалушы ек жарық күндей жарқылдап,

Арғымаққа мінгізіп,

ер-тұрманды алтындап...

Астанаға келгенде,

іні болып ергенде –

– Бауырым көшіп келді – деп ақ самалдай

аңқылдап...

Өмір соңы білгенге

бір үміт пен бір күдік,

Бұғалықты үзе алмай булығысың, бұлқынып...

Бізді тастап барасың Абай атаң ауылына –

Қара өлеңнің көзінде мөлдір тамшы тұр тұнып...

Қош, ағатай!

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ,

17.10.2023 ж.

жарылып, таусыла талаптану, ізденіс бар. Қайсыбір жастарда ұшыраса бермейтін мүлде бір бөлек сарын еседі. Жасқанба, жас адам, жақсы-жақсы жырлар жаз» деген ұлы ақынның батасы қабыл болып, Айтұлының жылдар өте келе шығармашылығы кеңейіп, қабырғалы қазақ қаламгерінің біріне айналды. Шынында, ақынның ұлттық нақыш пен сезімге толы ойлы өлеңдерін құмартып оқисың. Өткен ғасырдағы 70-жылдардың ортасында өмірге келген «Бас сүйектер» поэмасынан бастап, ақын поэзияда өз қолтаңбасын қалыптастырды. Қарымды қаламгердің елордаға қоныс аударғаннан кейін жаңа тынысы ашылып, тәуелсіздік жолында құрбан болған батыр бабаларымыз бен біртуар тұлғалар туралы 40-қа жуық кең тынысты поэма жазды. Мұндағы кейіпкерлердің кесек образы, шығарманың көркемдігі, шұрайлы тілі – бөлек әңгіме. Сондай-ақ суреткер шығыстың ұлы шайыры Әлішер Науаидың «Ескендір қорғаны», «Ләйлі-Мәжнүн» дастандары мен түріктің VII ғасырда өмір сүрген ұлы ақыны Жүніс Еміре және тағы басқалардың туындыларын тәржімалап, ұлттық аударма өнерінің қазынасын байытты. Балаларға арнап жазған шығармалары да бір төбе. Сонымен қатар ақынның «Ән домбыра», «Сарыарқа», «Дәурен-ай», «Арман», «Дарига, дәурен» секілді әнге жазған сөздерін ел сүйіп тындайды.

Не айтса да ағынан ақтарылып сөйлейтін Несіпбек ағамен газет тапсырмасымен екі рет сұхбаттастым. Екеуі де «Астана ақшамы» басылымында жарық көрді. Сонда ақынның: «Барлық қазақ ақындарының темірқазығы – Абай. Мен Абайды бала күнімнен жастанып оқыдым. Бірақ менің жан дүниеме төңкеріс жасаған ақын – Қасым Аманжолов. Қасымның барлық шығармасын бойыма сіңірдім. Кейін менің поэзияда бірден көтеріліп кетуіме шығыстың ұлы шайырларының бірі Әлішер Науаидың дастандарын аударуым себеп болды. Әлішер – барлық түркі халқына ортақ ақын. Ол шығармаларын түрік, парсы тілінде жазған. Бір сөзбен айтқанда, эпикалық жанрға батыл баруыма шығыс поэзиясы тыныс беріп, қанаттандырды» деп айтқаны барды.

Несіпбек аға пір тұтқан Қасым ақын дүниеден өткенде Әбділда Тәжібаев «Жыл толды үлкен жүрек тоқтағалы, Біз оны сан айтамыз жоқтап әлі» деп мақала жазыпты. Ақын жүрегі тоқтағанмен, оның екінші рухани өмірі мәңгілікке жалғасады деп сенемін.

Азамат ЕСЕНЖОЛ

ӘСКЕРИ ЖУРНАЛИСТІҢ ЖЫР ӘЛЕМІ

Астанадағы Ұлттық әскери-патриоттық орталықта ақын Мұхарбек Жәкейұлының «Күй болып төгіледі күзгі нота» атты шығармашылық кеші өтті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Өмірін әскери саламен, соның ішінде әскери журналистикамен байланыстырған ақын бүгінде Қорғаныс министрлігінің медиа-орталығында қызмет істейді. Әскери шені – доғарыстағы подполковник. Осы қазан айында ердің жасына толған ол кезін-



де майдангер қаламгерлер, Қазақстанның Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов пен ақын, әдебиет зерттеушісі Сағынғали Сейітовтің батасын алды.

Мұхарбек Жәкейұлы студент кезінен ақын болып танылды. Биыл «Күзгі нота» атты тұңғыш жыр жинағы жарық көрді. Оның өлеңдеріне әндер де жазылды. Соның ішінде елге кең тарағаны – досы, журналист Оразәлі Баймұраттың «Үмітім – гүлім» әні. Бұл туындыны талай белгілі әнші шырқады. Атап айтқанда, Тоқтар Серіков, Еркін Нұржанов, Нұржан Төлендиев, Заттыбек Көпбосынов, Асхат Тарғын айтты. Бірақ бұрын ән сөздері тыңдармандарға бұрмаланған күйінде жетіп жүрді.

Шығармашылық кеште туындыны «Әдемі-ай» дуэті дұрыс мәтінімен орындады.

Иә, кеште Мұхарбек Жәкейұлының өлеңдері мен сөздеріне жазылған әндер салтанат құрды. Туған жер туралы, махаббат пен табиғат лирикасы тақырыбындағы өлеңдерді көрермендер автордың өз аузынан естіді. Сондай-ақ Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Топжарған» ақындар клубының мүшелері «Дүр ағам», «Жасын ғұмыр», «Зылықа» поэмаларын оқыды. «Күзгі нота», «Астана», «Алғашқы махаббат» сынды әндер әуеледі. Мұхарбектің «Біздің ауыл осындай» өлеңінің жазылуына осы кешті жүргізген көрнекті ақын Бауыржан Бабажанұлы себепші болды.

Осы өлеңге де ән жазылып, оны Абзал Алпысұлы шырқалды. Әдебиеттанушы ғалым Болат Қорғанбек, әдебиет сыншысы Амангелді Кеңшілікұлы ақынның шығармашылығына тоқталды. Кеш иесіне туған жері Қостанай облысы Жангелдин ауданының әкімі Шота Оспановтың, Қорғаныс министрлігі, Жазушылар одағының Қостанай облыстық филиалы, Арқалық қаласының әкімі Әмірхан Асановтың, ақын оқыған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультеті, Халық қаһарманы, армия генералы Мұхтар Алтынбаевтың атынан құрмет көрсетілді. Ақынның бір топ достарына «Ахмет Байтұрсынұлы – 150 жыл» естелік медалі тапсырылды.

Айгүл
УАИС

О балы не керек, соңғы кездері өзгелердің жат мәдениетінің ықпалынан бұрылып, өзімізді іздедік. Алайда өткеннің тозаңына тұншығып, өз көшіміздің сүрлеуіне түсудің орнына бітімі бөлек сағым мен елестен құндылығымызды құрау үстіндеміз.

